

Бекітемін
«Өрлеу» БАУО» АҚФ
Астана қ. бойынша ПҚБАИ
директорының м.а.
Л.А.Сайнова
«23» ақпан 2016 ж.



ҚР білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық оқулары
Астана қалалық кезеңі оқуларын ұйымдастыру және өткізу туралы

Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже Астана қаласы білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық оқуларын (бұдан әрі – Педагогикалық оқулар) өткізу тәртібі мен қатысу шарттарын реттейді.

1.2. **Педагогикалық оқулар** педагог қызметкерлердің тиімді тәжірибелерін таратудың бір түрі және олардығының-зерттеу жұмысына тартудың жолы болып табылады.

1.3. Педагогикалық оқуларды өткізу педагогикалық ғылым мен тәжірибенің ұштасуына, білім беру жүйесіндегі инновациялық қызметтің мақсатты дамуына, педагогтердің инновациялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

1.4. Педагогикалық оқулар кезең-кезеңмен өткізіледі:

- білім беру ұйымының ішінде – ағымдағы жылдық ақпан-наурыз айлары;
- Астана қалалық Педагогикалық оқулар – ағымдағы жылдың сөүір айы;
- республиканың Педагогикалық оқулар – ағымдағы жылдың маусым айы.

1.5. Астана қалалық Педагогикалық оқулар «Өрлеу» БАУО» АҚФ Астана қ. бойынша ПҚБА институты мен Астана қалалық Білім басқармасы әдістемелік кабинетімен бірігіп ұйымдастырылады және өткізіледі.

1.6. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу үшін әрбір кезеңде (мектепшілік, Астана қалалық) Ұйымдастыру комитеті құрылады. Оның құрамы білім беру ұйымы басшысының (білім беру ұйымы ішілік кезең), «Өрлеу» БАУО» АҚФ Астана қ. бойынша ПҚБАИ директорының (Астана қалалық кезең) бұйрықтарымен белгіленеді.

1.7. Педагогикалық оқуларға қатысу үшін келіп түскен жұмыстарды сараптау және бағалау мақсатындағы ғылыми дәрежелері мен атақтары бар білікті мамандардан туратын Сараптау кеңесі құрылады. Оның құрамын тиісті кезеңнің Ұйымдастыру комитетінің төрағасы бекітеді.

1.8. Педагогикалық оқулар үш жылда бір рет өткізіледі.

2. Педагогикалық оқулардың мақсаты мен міндеттері.

Педагогикалық оқуларды өткізу мақсаты: Білім беру саласы қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігін арттыру, үздік инновациялық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және тарату.

Міндеттері

- педагог қызметкерлердің өз шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін, республика педагогтары қауымдастырының мәдени-кәсіби құндылықтарын бекіту және дамытуға жағдай жасау;
- педагогикалық бастамаларды қолдау, позитивті білім беру практикаларын анықтау және тарату;
- инновациялық идеялар мен тәжірибелерін жинақтау мақсатында педагогтар қауымдастыры әрекеттерін интеграциялау;
- кәсіби қарым-қатынас аясын көнектізу;
- өзінің тәжірибесін жинақтау арқылы педагог қызметкерлердің рефлексивтік әрекеттерін дамыту.

3. Педагогикалық оқулар жұмысының мазмұны мен нысандары.

3.1. Педагогикалық оқулар жұмысының мазмұны «Білім туралы» Заңға және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарына сәйкес анықталады.

3.2. Педагогикалық оқулардың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін:

- пленарлық отырыстар мен секциялық жұмыстарды ұйымдастыру;
- педагогикалық идеялар аукционында таныстырылымдар ұйымдастыру көзделеді.

3.3. Педагогикалық оқулардың басым бағыттары:

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту:

«Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасының ғылыми-әдістемелік, мазмұндық, технологиялық және ресурстық негіздерін жаңарту».

Бастауыш білім беру.

«Дамушы білім беру ортасы бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде».

Орта білім беру.

«Білім беру үдерісін технологияландыру орта білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде».

«Мәңгілік Ел» үлттық идеялары аясында тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру».

Қосымша білім беру.

«Азаматтық белсенділік, елжандылық және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру қосымша білім беру жағдайындағы тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізі ретінде».

Техникалық және кәсіби білім беру

«Экономиканың индустириалдық-инновациялық дамуы жағдайында техникалық және кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру».

Жоғары білім

«Білім мен ғылымның интеграциясы арқылы жоғары педагогикалық білім беру үдерісін жүйелі жаңғырту»

Білімдегі менеджмент

«Педагогикалық менеджмент басқару қызметінің мәдениетін дамыту факторы ретінде».

4. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1. «БАУО «Өрлеу» АҚ-ның Ұйымдастыру комитеті Педагогикалық оқулардың тақырыбын, республикалық Педагогикалық оқулардың корытынды кезеңінің мерзімі мен өтетін орнын анықтайды.

4.2. Педагогикалық оқулардың әрбір кезеңін ұйымдастыру және өткізу бойынша Ұйымдастыру комитеті Педагогикалық оқуларды дайындау мен өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды, Сараптамалық кенестің жұмысын ұйымдастырады.

5. Педагогикалық оқуларға қатысу тәртібі

5.1. Педагогикалық оқуларға қатысуга педагогикалық ұжымдар, педагог қызметкерлер, меншіктік нысаны мен түріне, ведомствоның катыстылығына қарамастан мектепке дейінгі, бастауыш, орта, техникалық және кәсіби, жоғары (кісіби мамандықтар), қосымша білім беру ұйымдарының басшылары шақырылады.

5.2. Педагогикалық оқуларға қатысушылар жеке-дара орындалған жұмыстарды, сондай-ақ авторлық ұжым орындаған жұмыстарды да ұсына алады.

5.3. Педагогикалық оқулардың басым бағыттарына сәйкес қатысушылар жұмыстарын төмендегі түрде ұсына алады:

- инновациялық жоба;
- авторлық бағдарлама;
- білім беру ұйымын дамыту бағдарламасы.

5.4. Педагогикалық оқулар тікелей қатысу түрінде өткізіледі. Автордың баяндамасы Power Point, Prezi.com. таныстырылымы арқылы жасалуы тиіс.

5.5. Білім беру ұйымы ішлік кезеңінде Ұйымдастыру комитеті Астана қалалық Ұйымдастыру комитетіне қатысушының осы Ереженің **1-қосымшасына** сай сұранысты және мазмұны Педагогикалық оқулардың басым бағыттарына сәйкес келетін, **көлемі 6 беттен аспайтын жұмыстарды** «Педагогикалық оқулар» деген айдармен электронды поштаға жібереді.

5.6. Қатысушылардың жұмыстары мен фотосуреттері (формат *.jpg) файлдың атауы ретінде қатысушының тегі көрсетілген (мысалы, Иванов.jpg, Иванов.docx) жеке файлдарда ресімделеді.

5.7. Белгіленген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қабылданбайды. Материалдарға авторлық құқық Педагогикалық оқуларға қатысушыда сакталады. Ұйымдастырушылар тек материалдарды басып шығару мүмкіндігін береді. Авторлық құқықтардың сакталуы мен ұсынылған материалдардың мазмұны үшін жауапкершілік жұмыс авторларына жүктеледі, ол қатысушының толтырған сұранысымен расталады.

6. Ұсынылатын материалдарды сараптау және бағалау көрсеткіштері

6.1. Инновациялық жобаларды бағалау көрсеткіштері:

1. Жоба мазмұнының Педагогикалық оқулардың басым бағыттарына сәйкестігі;

2. Жұмыс тақырыбының өзектілігі, ҚР білім беру жүйесін дамытудың басымдықтарына сәйкестігі;

3. Мәселенің накты қойылуы мен мазмұндылығы;

4. Тақырыптың өзектілігі және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізделуі:

5. Ғылыми машиқта баяндалуы;

6. Жоба идеясының сонылығы,

7. Жаңашылдығы.

8. Тәжірибеге енгізу перспективасы.

9. Материалды баяндаудың бірізділігі және қисындылығ. Жүзеге асырылу деңгейі, нәтижелілігі, рефлексия.

10. Өлеуметтік құндылығы.

Көрсеткіштердің әрбірі бойынша 0-ден 2 баллға дейін (іске асырылмаса -0 балл, жартылай іске асырылса - 1 балл, толықтай іске асырылса - 2 балл) қойылады.

Баяндамашының таныстырылымдық құзірет деңгейі жеке бағаланады – ең жоғарысы - 2 балл.

Ен жоғары балл саны – 22.

6.2. Авторлық бағдарламаларды бағалау көрсеткіштері:

1. Бағдарлама тақырыбының өзектілігі.
2. Оқушылар үшін жаңашылдық деңгейі, өнімді оку әрекетін дамытуға бағытталуы.
3. Бағдарлама күрылымының басылымның осы түріне қойылатын талаптарға сәйкестігі.
4. Бағдарламаның барлық күрылымдық элементтерінің өзара байланысы.
5. Материалдардың тәжірибеге бағыттылық, ғылымилық және окушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестілік принциптеріне сайлышығы.
6. Оқушылардың оку жетістіктерінің деңгейіне қойылатын талаптардың болуы.
7. Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі.
8. Бағдарламаны ресімдеу мәдениеті (бағдарламаның мазмұны мен сыртқы пішінінің бірізділігі, заманауи техникалық құралдарды пайдалану);

Көрсеткіштердің әрбірі бойынша 0-ден 2 балға дейін (іске асырылмаса - 0 балл, жартылай іске асырылса - 1 балл, толықтай іске асырылса - 2 балл) қойылады.

Баяндамашының таныстырылымдық құзіret деңгейі жеке бағаланады – ең жоғарысы - 2 балл.

Ең жоғары балл саны – 18.

6.3. Білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламаларын бағалау көрсеткіштері:

1. Өзектілігі. ҚР білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі. Дамыту стратегиясының теориялық негізdemесінің болуы.
 2. Білім беру үдерісі сапасының ағымдағы жағдайын көрсететін талдамалық бөлігінің болуы (жағдай сапасы, ресурстар сапасы, нәтижелер сапасы).
 3. Қойылған мақсаттар мен міндеттердің өміршеңдігі, олардың ұйым қызметінің миссиясына сәйкестігі.
 4. Қабылданған шаралардың қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталуы.
 5. Жоспарланған нәтижелерге кол жеткізуіндің накты мерзімдері мен индикаторларының болуы.
 6. Бағдарламаны ресімдеу мәдениеті (бағдарламаның мазмұны мен сыртқы пішінінің бірізділігі, заманауи техникалық құралдарды пайдалану);
- Олшемдердің әркайсысы бойынша 0-ден 2 балға дейін (іске асырылмаса - 0 балл, жартылай іске асырылса - 1 балл, толықтай іске асырылса -2 балл) қойылады. Баяндамашының таныстырылымдық құзіret деңгейі жеке бағаланады – ең жоғарысы 2 балл.

Ең жоғары балл саны – 14.

Ескерте. Қатысушы баяндамасының ұзақтығы талқылауды қоса есептегенде – **10 минуттан аспауы** тиіс.

Таныстырылым үшін қатысушыларға мультимедиалық жабдықтар кешені беріледі (ноутбук, мультимедиалық проектор).

6.4. Материалдар **2-қосымша** талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс.

7. Қорытындылау, қатысушыларды марапаттау

7.1. Педагогикалық оқулар кезеңдерінің қорытындысымен әрбір аталым бойынша орындар белгіленеді: женімпаз (I-орын) – 1 қатысушы, жұлдегерлер (II-орын) – 2 қатысушы, жұлдегерлер (III-орын) – 3 қатысушыға дейін.

Ерекше жағдайларда «Әрлеу» БАҰО» АҚ Ұйымдастыру комитеті Төрағасының шешімімен женімпаздар мен жұлдегерлер санының көбеюі немесе азауы мүмкін.

7.2. Педагогикалық оқулардың білім беру ішлік кезеңінің қорытындысында әрбір аталым бойынша **женімпаз аталған 1 жұмыс (I орын) Астана қалалық кезеңіне қатысу құқығына ие болады.**

7.3. Женімпаздар мен жұлдегерлер дипломдармен, барлық қатысушылар Педагогикалық оқуларға қатыскандықтарын растайтын сертификаттармен марапатталады.

7.4. Педагогикалық оқулардың қорытындылары бойынша қатысушылардың жұмыстары енгізілген материалдар жинағының электрондық форматы қалыптастырылады. Педагогикалық оқулардың әрбір қатысушысы «**PDF**» форматындағы материалдар **жинағын** алатын болады.

Ескерте:

Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық оқулары Астана қалалық кезеңінің жұмыс кестесі **3 қосымшада** берілген.

ҚР білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық оқулары
Астана қалалық кезеңі оқуларын ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕГЕ
1-қосымша

Астана қалалық окуларын Ұйымдастыру комитетіне

Усынин

No

(Білім беру үйіміндең атауы)

Астана қалалық Педагогикалық окуларға катысу үшін білім беру ішілік кезеңнің мына жөнімпаздарын ұсынады:

№	Автордың /төңгіратордың тегі, аты-жөні (только)	Жұмыс орны	Лауазымы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыстың атауы	Байланыс телефоны	E-mail
	Мектенке дейінгі тәрбиелу мен оқыту						
	Бастауыш білім						
	Орта білім						
	Техникалық және кәсіптік білім						
	Жоғары білім						
	Қосымша білім (тәрбие жұмысын үйімдастыру)						
	Білімдегі менеджмент						

ҚР білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық оқулары
Астана қалалық кезеңі оқуларын ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕГЕ
2-қосымша

Ұсынылған жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Мәтін MS Word редакторында, Times New Roman қаріпімен теріледі; қаріп көлемі 14; жоларалық қашықтық – дара; параптың шеті: сол жақ - 3 см, он жақ - 1 см., жоғарғы, төменгі - 1 см.; абацтың қойылуы – 1,25 см., параптарға номір қойылмайды.

2. Бірінші парапта мынадай акпарат болуы қажет: параптың орта тұсында – қалыңдығы орташа кіші әріптермен жазылған жұмыстың тақырыбы, оның астында бос орыннан кейін - автор(-лар)дың аты-жөні, тегі, тегінің астында - автор туралы мәлімет: ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны және тұратын жері, бір бос орыннан кейін кейін негізгі мәтін беріледі.

Жұмысты ресімдеу үлгісі

ЖАЛПЫ ҚҰЗІРЕТТІЛКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ДЕНГЕЙІН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ӘЗІРЛЕУ

А.Ж.Бисенбаев

№3 орта мектебі информатика пәнінің мұғалімі. Астана қаласы

Мәтін, Мәтін

Әдебиеттер тізімі

3. Формулаларды тек қосымшада ғана формулалар редакторында (Microsoft Equation) теру қажет. Кестелер мен сыйбалар зерттеу жұмысының қорытындыланған материалдары ретінде ұсынылады. Суреттер анық және оңай көшірілуі тиіс. Суреттердің атауы мен номірлері суреттердің астында, кестелердің атауы мен номірлері кестелердің үстінде көрсетілуге тиіс. Мәтінде тиісті сурет пен кестеге сілтеме болуы керек.

4. Сілтемелер мен әдебиеттер тізімі жұмыс мәтінінің сонында көрсетіледі.

ҚР білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық оқулары
Астана қалалық кезеңі оқуларын үйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕГЕ

З қосымша

**Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің II Педагогикалық
оқулары Астана қалалық кезеңінің жұмыс кестесі**

№	Педагогикалық оқулардың басым бағыттары	Басым бағыт бойынша Педагогикалық оқулардың тақырыптары	Мерзімі	Отілетін орны
1	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие	«Мектепке дейінгі үйымдардың білім беру ортасының ғылыми-әдістемелік, мазмұндық, технологиялық және ресурстық негіздерін жаңарту»	11 сәуір	
2	Бастауыш білім беру	«Дамытушы білім беру оргасы бастауыш білім беру мазмұнның жаңартудың ресурсы ретінде»	12 сәуір	
3	Орта білім беру	«Білім беру үдерісін технологияландыру мектептегі білім беру мазмұнның жаңартудың ресурсы ретінде» «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы тұргысынан жеке тұлғаның тәрбиесі мен әлеуметтенуі»	13 сәуір	
4	Техникалық және кәсіптік білім беру	«Экономиканың индустриалды - инновациялық дамуы жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін модернизациялау»	14 сәуір	
5	Білім берудегі менеджмент	«Педагогикалық менеджмент басқарушылық кызмет мәдениетін дамытудың факторы»	15 сәуір	
6	Окушыларға қосымша білім беру	«Қосымша білім беру жағдайында тұлғаның азаматтық белсенділік, елжандылық, көшбасшылық касиеттерін қалыптастыру жеке тұлғаның әлеуметтенуі мен тәрбиесінің негізі»	18 сәуір	
7	Жоғары білім беру	«Педагогикалық жоғары оқу орнында білім мен ғылымның интеграциясы арқылы білім беру үдерісін жүйелі модернизациялау»	19 сәуір	

Педагогикалық оқулардың мектепшілік (аудандық) кезеңінің Үйымдастыру комитеті Астана қалалық Үйымдастыру комитетіне қатысушылардың сұраныстарын және Педагогикалық оқулардың басым бағыттары мен тақырыптарына сәйкес **6 беттен аспайтын қолемдегі жұмыстарын «Педагогикалық оқулар» айдарымен pedshtenie_astana16@mail.ru электронды поштаға жібереді.**

Сұраныстар мен ұсынылған жұмыстар сәйкесті қосымшалардағы талаптарға сәйкес болуы шарт. Ұсынылатын жұмыс пен қатысушының «JPEG» форматындағы фотосуреті өзінің фамилиясымен аталаған жеке файлда орналасуы қажет (мысалы: Байменов А.А.-jpg).

Астана қалалық Педагогикалық окуларына қатысушылардың сұраныстары мен жұмыстары **4 сәуірге дейін қабылданады.**